

### Resume

The article compares the aspect of the image is considered Tazsha bala in Kazakh and Turkish (in Turkish Keloglan) folklore. Particular attention is drawn to the general, and the national identity of the image Tazsha bala.

### Özet

Makalede Kazak ve Türk edebiyatlarındaki görüntünün yönü Tazşa bala (Türkçe Keloğlan) rölü karşılaştırılarak araştırılmış. Özellikle Türk edebiyatındaki Tazşa bala görüntüsüne daha çok dikkat verilmiş.

### Резюме

В статье сопоставительном аспекте рассматривается образ Тазша бала в казахском и турецком (по турецкий Келоглан) фольклорах. Особое внимание обращается на общих чертах, и национального своеобразия образа Тазша бала.

ӘОЖ 821.512.122.09

**Н.Смайлова,**  
ф.ғ.д., профессор,  
Іле педагогикалық университеті  
Құлжа/Қытай

### Райханның «Тұрымтай» жинағының көркемдік ерекшелігі

**Андатпа:** Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті әйел ақыны Райхан Ібіңқызының «Тұрымтай» жинағындағы нақтылы өлеңдерді мазмұндық, формалық жақтан лирика түріне бөліп алып, көркемдік ерекшелігіне жүйелі түрде зерттеу жасалады, сондай-ақ көркемдегіш тәсілдерінің қолданылуы рөлі туралы сөз болады.

**Кілт сөздер:** «Тұрымтай» жинағы, көркемдік ерекшелік.

Белгілі көркем шығарманың дүниеге келуіне автор таныған қоғамдық әлеуметтік орта себеп болады, оның талантының ұшталуы, жасампаздық табиғаты жасаған тіршілік ортасымен, тәрбие қорған ортасымен тіке қатысты болатыны көптеген ғалым, қаламгерлердің өмірінде кездеседі.

Райхан Ібіңқызы 1938 - жылы қарашада Еренқабірға баурайындағы Қытай елінің Шиньжияңның сауан ауданының Желдауан деген жерінде дүниеге келген. Шешесі оқуға жеттік адам болып, баласын әкесі аң аулап, құс қуып кеткен кезде үйде зеріктірмеу үшін үнсімі өзінің жатқа білегін «жиһанша», «сал-салдың соғысы» сияқты ұзақ қисаларды, Біржан мен Сараның, Әсет пен Ырысжанның айтысын және басқа ертегі, аңыз-әңгімелерді баласы ұйқыға кеткенше ақтарыла айтып отырады екен. Ол қысы қара өлең, ата өлең, тау өлең, балық өлең, отырық өлең, қайым өлең және жұмбақ-жаңылтпаш, жарапазан, ежік өлең, беташар, көріс, дауыс айту, бесік жыры, шешендік сөз, сарын қатарлы ауыз әдебиетінің алуан түрін қаршадай баланың құлағына күйіп, көкірегіне ұялатып отырыпты.

Міне, анасының осындай жақсы тәлімі болашақ ақынның көңіліне терең ұялап, ой-сезіміне терең тербеніс тудырып, оқу оқып, өмір тани бастаған кезде-ақ әдебиетке деген құштарлығын арттырады. Орта мектептің соңғы жылдарында қолына қалам алып, мектеп қабырға газеттеріне жақсы өлеңдер жазуына жебеуші болады әрі ақын көңіліне сезімдік негіз қалайды.

Қарамайлының шіліңгір жазын, қытымыр қысын басынан бала күнінен өткерген ақын Қарамайлыдан май шыққанын естігенде жастық сезімі жалындап тұрған болашақ ақын аса қуанышты сезіммен жүрек жарды өлеңін былай деп жазады:

Сүйікті атамекен, Қарамайлым,  
Алыстан көз тартады барабайың,  
Таралды даңықты атың дүниеге,  
Мен неге бақытыма баламаймын!

Жаттаулы әрбір сайың, төбе, белің,  
Қар тасып, тоқты бағып жүрген жерім.  
Талай кез сұр бұтаңнан шөмшек тергем,  
Өзің де тозған киік тоным менің.

Өзінде атамекен жастайымнан,  
Тас теріп, қойды жиған әр сайыңнан.  
Тұңғыш жыр шашуымды арнаймын мен,  
Толқыған от жүректі жас жанымнан.

Өмір-өлең деген осы. Бұл өлең баспа сөз бетіне жарияланған соң, ауылдағы ақсақалдар аса қуанышта болады. Болашақ ақынға ақ батасын беріп, қаршадай қызымыз туған жерін мақтанып етіп өлең жазып отырғанда біз неге қуанбайық десіпті. «сол шіркіндердің ыстық ықыласы тиді ме, болмаса тілін ашып азаматтық арға талпындырды ма, осыдан соң өлең жазуға өзегімнен ұзылып кырыстым»,- дейді автор. Осыдан бастап оның өлеңдері «Шұғыла» журналы, «Шинжияң газеті», «Іле газеті» үзбей жарияланды.

Оның өсіп-жетілуі өздігінен үйрену арқылы қолға келген. 1956- 1959- жылдарда Үрімжідегі мұғалімдердің білім жетістіру курсына қатысу арқылы білімін толықтырады. Жас кезінен әдеби кітаптарды оқуға қатты қызығатын Райхан Абайдың, Сәбит Мұқанның, Байронның, Пушкин, Лермантовтардың шығармаларынан ықыласпен оқып, нәр алған.

Ол өзінің шығармашылық жолында өлең, баллада, толғау, дастан, ән текст, шалқыма, әңгіме жазып, түрлі жанрлардың бәріне құлаш ұрды. 1982 жылы Іле халық баспасынан «Қарғалдақ» атты өлеңдер жинағы, 1988 жылы «Ұлттар» баспасынан «көңіл сазы» атты дастандар жинағы, 1993 жылы Шинжияң жастар баспасынан «Ойламаған оқиға» деген әңгімелер жинағы, 1999 жылы Іле халық баспасынан «Тұрымтай» деген өлеңдер жинағы басылып шығып, оқырман жұртшылығымен бет көрісті.

Автордың ұзақ уақыттан бері еңбегі елге таныс, бейне Абай айтқандай, өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді» әры идеясы айқын, түсінікті. Сондықтан, оқырман жүрегінен орын алып, оқырманын өріне баурай алады. Ақынның «Бөпешім», «Құрбыжан», «Партия» деген ән текістері еліміз іші-сыртындағы ән жарыстарында әйгілі әншілер жағынан орындалып, сан мәрте сыйлыққа ие болған, Райхан жоғарыдағыдай бағалы еңбектері үшін талай рет марапаттауға ие болды.

Ақын бұл күндері мемлекеттік аз санды ұлттар жазушылар қоғамының, Шинжияң жазушылар қоғамының, облыстық жазушылар қоғамының мүшесі.

Мен бұл мақалада ақынның ілгерінді-кейінді жариялаған жалпы шығармалары емес, тек 1999 жылы Іле халық баспасынан жарық көрген «Тұрымтай» жинағындағы нақтылы өлеңдердің көркемдік ерекшелігін талдамақшымын. Ақынның өлеңдері тақырыбының алуан түрлілігімен ғана емес, қайта өзінің поэзиялық көркемдігі, сезімдік қуат-күші арқылы оқырманын өзіне баурап магниттей тартып отырады. Жинаққа 136 өлең, екі дастан, бір баллада, бір толғау енгізілген. Жинақтағы өлеңдер «Өткіншілер», «Арманың не ардан туса тірлігің», «Өлең өрмегінен», «Толғаныстар», «Ой тебіндері», «Серуен серпіндері», «Үміт үскіндері», «Жыр жүйесінен», «Жаксы ойлардан туады сезім селдеп», «Ана жыры», «Мекен меруерттері », «Ағыстар аялынан» деген 14 тақырыпқа бөлініп жазылған. Ақын коммунистік партияны, социалистік төңкеріс пен социалистік құрылста қол жеткізген тамаша табыстарымызды, Ұлы Отанды, туған жерінің көркем табиғатын, азаттықтан кейінгі ауыл-қыстақтың жаңарған бейнесін өз шығармаларына арқау еткен. Өмірінің көп жылдарын оқытушылықпен өткізгендіктен, бір қыдыру өлеңдерінде жас өспірімдерге қаратылған мораль тәрбиесін де жылы леп, ұғымды тілмен жырлаған. Ақынның өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін талдау үшін ең әуелі әдебиеттің ең үшқыр, ең елгезек, ең сезімтал, жеңіл де

көкейге қонымды жанры- поэзия туралы. поэзияның қуатын арттырып, тіліне тартымдылық сыйлайтын стилистикалық тәсілдердің қолданылуы туралы тоқталып өтейік.

Жалпыға аян, әдебиет қоғамдық өмірді реализмдік тұрғыдан суреттеп, белгілі дәуірдің тынысын ашып беретін, адамдарға танымдық, тәрбиелік, эстетикалық тәрбие жүргізіп, ізгі тілекке, нұрлы болашаққа ынталандыратын көркемөнер. Ал осы әдебиеттің маңызды бір жанры болған поэзия реал өмірді жинақы бейнелеп, айтар ойды образды, әсерлі түрде сезімге орап жеткізеді. «өлең- акынның терең тебіренісінен туатын, өмір шындығын ой мен сезімге матап суреттейтін, образдылықты күшті талап ететін жанр. Ол адамның рухани дүниесіне тіке әсер ететін жан азығы». Демек, поэзияда мұң мен шаттық, күлкі мен күйкі, акынның ішкі жан әлеміне түгелдей сіңісіп, белгісіз ағыс жасап, адамның сезім қылын шертеді. Жанын тербеп, жүрек түкпірінен ойып орын алады. Осындай өлшемге жеткен шығармалардың басым көбінің өресі, әсіресе, көркемдік жағынан байқалады.

Әрине, әдебиеттегі мазмұнды бейнелейтін әдеби түрдің басты факторы болып есептелетін көркемдеу құралдарының негізі стилистикалық тәсілдер болмақ. Ол акын-жазушылардың образ жасаудағы, «тиып жаратудағы жасампаздық сылобын аңғартағын өзіне тән мәнері. Ал осы халықтық әдебиетке тән болған «заман өткен сайын құлпырып, ең соңындағы тұрақты бір деңгейге тұрақтап қалған кестелі де керемет сөздер, айшықты көркемдегіш амалдар» Көркем шығарма деңгейін биік белеске көтеру үшін маңызды рөл атқарады. Қазақтың көркемдегіш сөздері жасаған ортамен, шұғылданған шаруашылық тіршілігімен, күн көріс жағдайлары мен тығыз қатысты. Оның қолданылуы аясы өте кең, тек поэзия ғана емес, проза, драма, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдерде көркемдегіш тәсілдердің көмегімен жасалады. Акынның халықтық тілді жақсы пайдаланғанын өлеңдерінде қос сөздерді орынды қолданғанынан көреміз. Мысалы: үлкен-кіші, кәрі-жас, бала-шаға, туыс-туған, ел-жұрт. сай-сала, сан-салалы, жон-жота, жекпе-жек, абыр-сабыр деген мағыналас, қарсы мағыналас сөздері мен қоса, эпитет, теңеу, метафораның ұлттық психикамызбен, ұлттық эстетикалық танымызбен ұштастырған. Ұлттық эстетикалық таным тұрмыс-тіршілік ортаға, алған тәрбиеге сай қалыптасады. Акын міне осындай нәзік түйіндерді өлеңдеріне балдай батырып, судай сіңірген. Мысалы: көңілімнің жайлауы, балалықтың базары, кісіліктің таразысы, тұлпарымның тізгіні, сыйластықтың қақпасы, жыр тұлпары, көңілімнің көгершіні, ақиқаттың тұғыры, арманымның ақ жібі, тыныштықтың қаймағы, берекенің кепілі, т. б. метафоралық тіркестермен дарқан дала секілді, қырандай, тотықұстай, ақ қайыңдай, кер маралдай, алмастай, көлдей, оркестірдей, тулаған тайдай, керуеннің қоңырауындай, тұлпардай, ақ ұлпа бұлттардай, ақсудай, шағаладай, оредегі құрттай, үкідей деген теңеулік мағыналы сөздер күнделікті тұрмысымызда қолданатын заттар мен мал шаруашылығындағы мініс көліктер, ішпек-жемектіктерімізбен, кейбіреуі тіпті төтемдік идеяларымызбен де тоғысып жатыр. Тарихтан ат мініп, қой бағып, өзен жағалап, сахарда көшпелі тұрмыспен шұғылданғанымызды өлеңдерінде көңіліге қонымды етіп бедерлеп бейнелейді. Демек, көркемдік астарында үлкен халықтық мәдениетіміздің із-деректерін, елестерін аңғарта алған.

Көркемдік тұнып тұрған поэзияда тек тіл, сөз сұлу болып қалмастан акынның айтар ойы, оқырманна ұқтырар сыры да көркем ажарлы. «ондағы өрнекті сөздер бір ерекше сұлулап сойлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімінен, образды, бейнелі ойдан, дүниені акынша, суреткерше қабылдаудан туады. Өлеңге, өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суреткерге, әрбір сөзге поэзиялық сәулет, поэзиялық нәр, көрік беретін нәр е- акындық ой-сезімінің тереңдігі мен көркемдігі» көркемдегіш сөздер деп білсек, бұлар дерексіз құбылсты образдастырып бейнелейді.

Демек, көркемдегіш амалдар «әдемі сарайдың әшекейлі бұйымдары секілді шығармаға әсемдік, образдылық, жапдылық сыйлайтын» акынның ішкі ой-ірімінде қайнап жатқан сәулелі сырларын әсерлі жеткізудегі ойнақы құрал есептеледі.

Акын өлеңдеріндегі көркемдегіш амалдарды талдаудағы ыңғайлы болу үшін өлеңдерін мазмұнына, бейнелеу тәсіліне қарай, азаматтық лирика, көңіл-күй лирикасы, табиғат лирикасы, махаббат лирикасы деп түрлерге бөліп алдық. Акын өлеңдерінде көбінесе теңеу, метафора, эпитет, кейіптеу, шендестіру, бастан кайталау қатарлы тәсілдерді жиі пайдаланған.

Елдепе, лирика туралы анықтама назариялық жақтан тұрақтанып болады. Лирика туралы Зейнолла Қабдолов былай дейді: «лирика- грекше «луға» ежелгі грек үніне қосылып

шертілген музыка аспабы. Көбінесе өлеңмен жазылады. Оған акынның ішкі дүниесінің сыртқы себептер мен жалқы ақиқат шындықтың әсерімен аса қатты толқуы, автордың өз басының алуан-алуан нәзік түйсіктері, құйыншы-сұйыншы тән болып келеді. Акын басынан кешкен сезім, акын басында болған түрлі-түрлі толғаныс субъект нәрсе. Акын қуана шалқыса да, жабырқай толғанса да лирика сол өз кезінің шындығымен сабақтасып жатады» демек, лириканың күші - оқырманын тасқындаған күшті сезімге бөлеп, айтатын дегенін сыршып суретке, ғажайып картинаға айналдырып, оларға образды түйсік тудырып, эстетикалық ләлазат бере алуында жатыр.

Лирика жоғарыда баяндап өткендей түрлерге бөлінеді. Азаматтық лирика дегеніміз ерлік-жігерді, ар намысты, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, сақталған келеңсіздік жағдайларды, қоғамның кокейтесті мәселелерін ашып, оқырманын жақсылыққа, адамгершілікке, әділдікке жетелейтін лирика түрі.

Жинақта акынның азаматтық лирикалары басым орынды елейді. Акын азаматтық лирика жазуда ең алдымен туған ел, отан алдындағы азаматтық борыш, азаматтық ар-намыс тұрғысынан терең ойланады. Төменде осы өлеңдердегі көркемдегіш тәсілдерді жеке-жеке талдап көрейік:

Акын өлеңдерінде көбінесе теңеу мен метафораны қолданған.

Азаматтық лирикаларындағы метафора амалы.

Метафора- грек тілі, қолпыру, сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту. Суреттеп отырған затты немесе құбылысты айқындап, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас затқа не құбылысқа балап көрсету.

Арманың не ардан туса тірлігің,  
Арға куә болса кесер тілді кім.  
Ар-намысың баға жетпес асылың,  
Бірен- саран білмеседе білді мің.

Арманың не ардан туса тірлігің,  
Арға куә болса кесер тілді кім.  
Көңіліңе түсірмесін көлеңке,  
Ар-намысың жүректегі нұрлы құн.

Ендеше, жоғарыдағы өлең жолдарындағы «ар-намыстың асылы», «көңіліңнің арайы», «ар-намысың жүректегі нұрлы құн» дегендер абстрактік ұғымынан туындаған оны образды түске өзгерткен көркем метафоралық тіркестер. Дүниедегінің барлығын сатып алуға келседе, ар-намысты сатып алуға келмейді деген озғын ойын «ар-намыстың асылы» деген метафорамен, адам көңілінің пәк болуын танның енді атып келе жатқан «арайына» балап суреттеп, ар-намысты аялап, қастерлей білсең саған күндей шуағын, шұғыласын шашады дейді.

Тіршіліктің мәні де сәні де болған ар-намысты «ауызын ашса жүрегі көрінетін азаматтық мінезін акындық талантпен актарады» адам таза ниетпен ар-намысын аялап, сол үшін күрес жасауы керек дейді.

Азаматтық лирикадағы теңеу амалы

Бір нәрсені екінші бір нәрсеге ұқсатып, салыстырып суреттеу теңеу деп аталатынын білеміз. Біздә фолькорымыз поэзиямыздан тартып, көркем поэзиямызбен айтыстарымызға дейін теңеу ең жиі қолданылатын көркемдік амалы. Акын өлеңдерінде осы теңеуді талғамдылықпен пайдаланып, теңеудің жаңа үлгілерін жасауға құлшыңғандығынан өлең тілінің көркемдігін биік белеске көтереді.

Өлшемейік адамды сөзіменен,  
Май тамғанын тілінен сезіп ерен.  
Өлшеу керек нақтылап, өлшеу керек,  
Кісілігін - адамдық өзіменен.

Күн шуақтай кей жанның түсі жылы,  
Ұнатады көргенде кісі мұны.  
Бірақ оның тегіне үңілгенде,  
Көрсетпесе қайтесің ісі мұны.

Өлең жолдарындағы теңеу мағыналы сөздер өлең тіліне үстеме мағына беріп, ақынның ойын анағұрлым образдастырған. Осыдан-ақ ақынның айтар ойын жалаң айтпай, сезімге орап образды түрде жеткізетінін анық көруге болады.

Көңіл-күй лирикасы деп ақынның жан әлеміндегі күйініш-сүйініш, қуаныш-қайғысын, алғыс-қарғысын суреттейтін лирика түрін айтамыз. «Лириканың бас қаһарманы - ақынның өзі, мұның естетикалық қасиеті де тарбиелік құшы де айырықша үлкен. Себебі бұл арада өлең жазған адам оқыған адамға айналып, оқырманның көңіл-күйлерімен ақынның көңіл-күйі өзара бірігіп, біте қайнасып кетеді. Ақын көкірегіндегі сезім-оқырман сезімі, ақын көңіліндегі сырлар-оқырман сыры болады да шыға келеді» дейді Зейнолла Қабдоллов. Әрине лириканың жанды елітіп, көңілдің нәзік пернесін шертер құдіреті де осында жатыр. Автор мен оқырман сезімінің бір арнада тоғысуы деп осыны айтуға болады.

Ақынның көңіл-күйі лирикасындағы метафоралық тәсіл:

Жетелейді қиялым қиырларға,  
Осы ежелден мен үшін бұйырған ба?  
Қыза шапқан кезінде тұлпарымның,  
Мұрсам қайда тізгінін жиырғанға.

Қиял адам қанаты ұшқанда алға,  
Орны бөлек қиялдың құштар жанға.  
Қиял жүйрік екенін кім білмейді,  
Лесе алмай қалады құс та, арманда.

«Қиялымның тұлпары», «қиял-адам қанаты», «ой- қиялдың өрісі» деген метафоралық сөздер ақын көңіл көгіндегі көрікті ойларын құлпырта жеткізіп тұр. Ақындық сынды кәделі кәсіпке қиялдың жебеуші екенін айтып, бірлі де алде бір қиял бақшасына жетелейді. «Ойлау-ләззатқа толы асқақ игілік, ойлау - рахаттың шыңы» деп Аристотел айтқан екен. «Қиялы қырандай қияндарды қыдырған ақын үшін тіпті де шексіз рахат болмақ» дәл осы сияқты ақынның тілін тұлғаландырып, ойын мамық сезімге матап жеткізудегі шеберлігі «талқы мен ақын», «сыйластық», «ақ тілек», «көңіл отым», «жыл құстарым келгенде» тағы басқа өлеңдерінде тіпті де айқын көзге түседі.

Көңіл- күй лирикасындағы теңеу амалы:  
Зырылдаған өмірдың минуттары,  
Сан қиялды ойында сапырады.  
Кейбірінен көңілің көгалданса,  
Кейбірінен сарғаяр жапырағы.

Өлеңді оқып отырып, өлең ырғағымен қоса елігіп, өткен күндеріміз есімізге оралып, кино лентасындай көз алдымыздан өтіп жатады. «Кейбірінен көңілің көгалданса, кейбірінен сарғаяр жапырағы» деп ақын өз басының қуанышы мен жұбанышын мазмұн еткен үлкен өмір белесін ортаға жайып салады. Өмірдің асау толқыны құшағына әр дайым бір ағысты арнасына түсіп, қуанышпен қабаттаса жүреді. Ақын мұны шеберлікпен бейнелей білген, байыз шаттықты, қуанышығы көгалға, қайғыны сарғайған жапыраққа алмастырып жеткізген де жинақы ой өмірдің мәнін бойына сыйғыза білген, ақын өткен сан жылдарды ұзақтан - ұзаққа созылған, баяу жылжыған керуенге теңеп, өткен күннің қайта оралмасын ақындық оймен теңшеп тереңнен толғаған. Ұлы ой олардың мәңгілік табан тірер тиянағы. Ақын және де өрелі ойың сені тың тіршілікке жебеп отырады, қасиетті білімдерді, ащы мен тұщыны ойдың домына пеші қорытып шығарады, ойдың отты жебесі алға зымырай береді, ой ойланудан тоқтамайды, сөйтіп, «бой жетпеген жерге ой жетеді, қыран жетпеген жерге қиял жетеді» деген дана сөзіміз ақын өлеңдерінде бой көтеруі үлкен жемісігі еңбектің белгісі. Өткен күндерді «керуенге», ұмтылмас сәлихалы сәттерін «желді күнгі теңізге» теңеп тамаша суреткерлігін танытқан .

Табиғаттың тамаша көрінстерін суреттейтін «лириканы табиғат лирикасы» дейміз. тамаша табиғаттың өзі- тұнып тұрған лирика. Оны сезімтал ақын сөзбен суреттеп жатса, жансыз табиғат қимылдап шыға келері хақ . Ақын табиғат лирикаларында жаратылыстық құбылыстарды, табиғаттың заңдылықтарын, тау - өзен суретін, сайын сахараның жанға жайлы салқын ауасын, төрт

маусымның өзгерісін өзіндік өзгешелікпен кейіптеу амалынан ұтымды пайдаланып суреттеп, формасы мен мазмұны ұштасқан әсемдіктің шырқау биігін керемет жасап «тау суреті», «қыстың сәны қар екен», «көктем көркі - көп сурет», «күз суреті», «ұлыстың ұлы күні», «қар жауып тұр алақай» т.б өлеңдерінде ой-өрмегін көркем кестелеген.

Бұлт бұйығып астында тамағының,  
Сескенеді сесінен тамағының.

От кірпігін қанжардай қадай алмай,  
Жасқаншақтап ажарсыз барады күн.

Өлеңді оқығанда - ақ қыс мезгілі екенін аңғарамыз. Қысқа, тауға, адамның іс-әрекет, мінез - құлық, ой-сезімін беріп суреттесе, көктем, жазды көйлегі көлбеңдеген сұлу қыздың бейнесіне келтіре суреттейді. Өлеңдегі кейіптеу тәсілі ақынның тіл қолдану, сөз көркемдеу шеберлігінің айнымас айғағы. Табиғаттың адам бейнесіне келіп, поэзия әсерлілігін онан сайын арттыра түскендігі осыдан - ақ байқалады.

Аспан күңгірт, таулар жым-жырт жер мамық,  
Қызу сөніп, өрепшіді жел дамып.  
Астан - кестен арпалысып бұлт көшіп,  
Бейне кеме бара жатқан сең жарып.

Айна көзі мөлт - мөлт етіп аспанның,  
Кейде төгіп, кейде іркеді жастарын.  
Ашуына ширығады, бұлт булығып,  
Бұрынғыдай көтермейді кастарын.

деп түсі суық күңгірт аспанды, сең жарған кемедей астан - кестен арпалыса көшкен бұлттарды, ағаш басынан боз торғайша топырлап түскен жапырақтарды, күз жаңбырын адам психикасындағы өзгеріске теліп, сұрқы қашқан күз суретін салады.

Ақын өлеңдеріндегі тағы бір тереңдік танытып, оқырман жанын жай таптырып, жүрек қылын шерткен, өзіндік оре байқатқан өлеңдерінің бір тобы - махаббат аясынан тұрады.

Махаббат - шынайы жүректен туындайтын тұнық сезім. «махаббатсыз дүние бос» деп абай атамыз айтқандай, махаббат - өмірдің гүлі, көңілдің жыры. Ақын адам өмірін мән мен мағынаға бөлеп, шұғылалы шашу шашатын, мәңгі жырлап таусылмайтын махаббат тақырбынада арнаулы аялдайды. Бұл тектес лирикаларында бастан қайталау амалын орнымен пайдаланып, «ойына үдемелік, сөзіне ершімдік туғызады.»

Төменде ақынның «есіндеме?» деген өлеңін оқып көрейік:

Есіндеме, сонау бір кеш сырласқан,  
Оқылғаны жүректегі жыр - дастан.  
Тасалаған көкшіл жібек пердедей,  
Маужыраған мақпал түнмен бірге аспан.

Жалын атқан жастық шақтың салихалы сәттерін еріксіз есіңізге оралтатын тұнып тұрған махаббат лирикасы. Бұл өлеңдегі көркемдік осы лирикалық жағынан көрінеді. Жаздың жанға жайлы салқын кешінде қос ғашықтың қалтқысыз қауышуы, қызуы мол жастық шақтың «тұлпарына» мініп риясыз сырласуы, ғашықтық жыр - дастандарын оқуы, таң самалының сүйіне қарсы алуы, тау бұлбұлының әсем әнін арнауы, маужыраған мақпал түннің қос ғашықты дүниеден оңашалап тыныштық бесігін тербетуі бәр - бәрі де ұнасып - ақ тұр. Өмір міне осындай махаббатпен қымбат. Сондықтан да «махаббат жоқ жерде ұрпақ азады, өмір жұтаңдайды» деген екен ұлылар.

«Құрбыжан» деген өлеңінде ақын сезімін қалай бейнелегеніне бірлікте зер салып көрейік:

Ақ жаңбыры жайлаудың себелеген,  
Балаусасы мал барса жібермеген.  
Қой қайтарып келейін, қой қайтарып.  
Атың қандай құрбыжан шідерлеген?

Мінеки, жайлаудың себелей жауған жаңбырымен ақынның сүйген жігітіне деген сағынышы қоса селдеп, қыз көңіліндегі нәзіктік, ұяңдық, кеудесінде жасырынған махаббат образды сөзбен жеткізіліп, жігіт жүрегіне ұя салып үлгіреді, ақын алып-қашпа жеңілтек сезімге

бой ұрмай, байсалды бейне байкатады. Көңілінің нәзік иірімдері сұлу сөзбен өрнектеліп, терең толғаныстан туған өмір шындығы ой мен сезімге сыршыл суреттелген. Осының өзі бір тұрлы рахат қой, осы күйден айрылғыңыз келмей, көзіңізді тас жұмып, тәтті қиялдарға шомасыз. Ақынның сабырлы мінезі, сәби шағыан көрген тәлімі, алған тәрбиесі өлеңінде бой көтеріп тұрғандығы байқалады. Көркемдіктің оның ішінде лирикалық көркемдіктің құдіреті міне осы.

Өзіңбісің сарғайтып сағындырған ,

Өзіңбісің құзырғып табындырған .

Өзіңбісің еркіме ерік бермей,

Тылсым күшпен сездірмей бағындырған.

Ақын бұл жерде әр тармақ сайын «өзіңбісің» деген сөзді ермек үшін алып отырған жоқ, айтар ойын, жүрек қылын шерткен құпия сырларын, махаббаттың қысыны еркінен айыратын құдіретті құштарлығын үдемелі түрде сырлы толқынмен жеткізуді мақсат еткен .

«Отанды сүю - от басынап басталады» дегендей, отаншылдық рух адамға сенім, жігер, қайрат беріп алға ұмтылдырады. Халқымыз: «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» деп отанды от басының тұтқасына балайды. Ақынның жинақтағы басым көп өлеңдерінде міне осындай жалындаған рух, тасқындаған сезім сіндірілген. «коммунистық партия», «сүйікті елім», «социализм жақсы», «елім менің» т.б. Көптеген өлеңдері осындай лирикалық толғамдар. Отаншылдық рухқа бай өлеңдерінде метафораны кеңінен қосыпты, партияға, отан анаға деген шексіз азаматтық борышын білдірген.

Жыр жазсамда қанша томдық қосылып,

Сыр шертсемде не тереңнен шешіліп.

Мейіріңді тілмен айтып жете алман,

Жүрегімде жатқан бұл бір от арман.

Сен дегенде бақытымды сеземін,

Сеніменен шалқып отыр өз елім .

Өз арқанда еркіндік пен есе алдық,

Тілсімдердің шнелерін шеше алдық .

Сонау қара түнек қаптаған заманнан есе теңдік аперіп, азаттыққа жаткізген партия мен отан әр ақын - жазушының көңіл төріндегі мәңгі жырлайтын тақырыбы емес пе? жоғарыдағы өлең жолдары тек қана азаматтық лирика емес, «тыныштық , бейбітшілік, елім, отаным, партия деген ізгіліктің әнін айтып, жырын жырлап, лүп-лүп етіп кеудеге сыймай ақтарылған ақын жүрегі» партияның әр ұлт халқына шашқан күндей шуақты мейірім, дұрыс басшылығын жүрегіндегі от арманына, әділетсіз қоғамның халықты қан қақсатқан пасық саясаттарын «тылсым шнелеріне», арайлап атқан жаңа таңдағы халықтың баянды. шат - шадыман шалқыған тұрмысын сайраған бұлбұлға балап, сенің арқанда ғана шықпаған шыңға шығып, арманым биікпен ұласты, сен ғана сүйенішім деп теңіздей тербеліп, сүйіне мақтан етеді.

«Тұрымтай» жинағында ақын қаламынан шымырлап төгілген тағы бір мәйекті мазмұн - туған жер тақырыбы. Кім-кімге де туған жерінің тауы алтын, тасы күмыс, ағашы жез. Туған жердің бір түйір тасы да алтынға бергісіз ардақты. Әсіресе сағынып - сарғайып алыста жүргенінде «шөліркеп тұрған көңіл қоғалыңды сусындатар» тәп-гәтты ән болып айтылады. Ендеше ақынның туған жерін қалай жырға қосқанын жүректен тебіреніп оқып көрейік:

Іле, Алтай, Тарбағатайдағы әр ұлт халқы бас қосып, обылыс құрылғандығының 30 жылдығын тойлап думандатуда, ақынның шабыт құсы шарықтап, салтанатқа сән қосып, әлде бір қуанышты күйге боленуде.

Көргенде ата қоныс салтанатын,

Лаулады менің отты махаббатым.

Жүректен мың мәрте құша бердім,

Жан берген социализм дәуір атын.

Туған жер қуаныш қой өзгергенің,

Балакез бұл бақытты сезген бе едім.

Толғадым тойға арнап өз күйінді,  
Бабамның арманы деп көз көргенім .

деп туған жерінің кешегісі мен қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған бүгінгі таңдағы бақытты өмірін салыстырып, қызыққа толы ауылдың өмірін селдеген сезіммен мадақтайды. «Тарбағатай», «толы», «баянатым», «шыңғысым», «туған жер», «сәлем саған туған ел», «Ерентау » қатарлы өлеңдерінде тың тіршіліктің келіскен келбетін жасайды. Туған жердің гүлге толы қойнауында алаңсыз асыр салған бапғын шағын сағына еске алып, сол ортадан бала күндерін іздейді. Адамның жастық шағы қай арада өтсе сол ара мәңгі жылы сезіледі ғой, «қырандай шарықтаған қиял құсы, көңіл көгершіні ақын бойындағы туған жерге деген ұшан - теңіз махаббатты барлық шаттық қуанышпен қауыштырып, оны туған жер сынды алтын қазыққа мықтап байлайды». Міне осындай қалтқысыз сүйспеншілікті ақындық биік идеямен поэзия әлеміне самғатқан ақын елінің ертеңіне нұрлы үмітпен қарайды.

Ақын өлеңдерінде көзге жылы ұшырайтын тағы бір телегей мазмұн ана туралы болмақ. Ана- тұрмыстың тірегі, ана махаббаты - бала тіршілігінің нәрі, ана рухы - жан дүниенің қорғаушысы, бастаушысы, ана - бар қасиеттің қайнар бұлағы. «Ана жер бетіндегі ең әдемі сөз». Ананы жырламаған, әнге қоспаған ақындар жоқ шығар. Тіпті тұсау кесер туындысын анаға арнауы тиіс. Райхан да ананың балаға мейірін, көлдей көңілін, күндей шуағын «асыл ана», «ана», «ана сыры», «ана жүрегінен», «анама», «анашым» деген өлеңінде ыстық ықыласпен маздаған махаббатпен жырлайды.

Ана десе қай жүрек дір етпеген,  
Қайсы ақын ана атын жыр етпеген.  
Ана емес пе, аялап тыным алмай,  
Сыртты қойып құрсақта жүдетпеген.

Ана алдында кішімін, аласамын,  
Бір қанбайды - ау жанары қараса мың.  
Жайлауынан көңілінің орын берер,

Қырауына түсірмей қарашаның деп ана көңілін дәп басып түсінер ақын ананы арайлы аспанға теңейді қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп баққан ана балаға қашанда қамқоршы, ақылшы, көңілінің жазиралы жайлауынан орын беріп, жүрегіне сыр құяды.

Бейнеті бар мың батпан бір баланың,  
Солар ұшын тынымсыз зыр қағамын.  
Әуресіне күн бойы шалдықсамда ,  
Соған бола ұстадым жыр қаламын .  
Жадыраймын икесем маңдайымнан,  
Рахаттың артық ол қандайынан.  
Алғаш тілі шыққанда «апа» деген,  
Айналайын тілінің балдайынан .

Баланы бағып -қағып адам санатына қосу қаншалықты михнатты шаруа болса да, ана үшін осыдан артық бақыт жоқ. Халқына жарамды ұрпақ тәрбиелеу - ананың ең биік арманы емес пе?! Баланың сәби кезіндегі тәтті қылықтары ананың жанын жадыратып, көңілін көтереді. «Бала қамы - ананың бұлжымас заңы» деп ұғынған ақын ғұмырын жалғайтын балаларына жақұт жырларын шашу ғып шападады.

Бұдан сырт, ақын «сырластарым», «ағаларым», «қайындар», «абай ата» деген өлеңдерінде туыс - туған, дос - жарандарына, сырымен сабақтас сырластарына арнап көңілінің көп күйін қосыла шертеді.

Адамзат қоғамдық ортада жасайды екен, сол ортаның шектемесіне ұшырайды. Әрі соған бағынышты болады. Уақыттың өтуімен ілесе ортаға бейімделіп, табиғи сіңісіп кетеді. Бұл ұғымды ұлттық көңілімізде дарқан даладай кең болған. Ақын «мінездеспін» деген өлеңінде адам сезімі мен мінезін, құбылысты нақтылы елестету үшін тауда өскен, тауға тартқан мінезін былайша толғайды:

Кейде қарлы қабағым, жанарымда жаңбыр бар .

Кейде сөзім жып - жылы, кейде суық зәрлі бар.  
Кейде жүзім сұрланып, бұлыт шақыра қалады.  
Кейде шуақ шүйірып, нұрлар бал - бұл жанады.  
Ей, табиғат, анашым, жай қарама сен маған,

Мінездесіп өзінмен, тартып туған мен балаң келтірілген өлең жолдарындағы жып - жылы, суық - зәрлі, сұрланып, шуақ шүйіріп, қарлы жаңбыр деген қарама - қарсы салыстырулармен шендестірулер ақынның мінезін, сезімін нақтылы елестетіп тұр.

Әдеби туындының көркемдігі - оның тіліне әр беріп, сұлулық сыйлайтын көркемдегіш тәсілдерден сырт ақынның тіл қолдану шеберлігімен, сөз саптауымен таразыланады. Райхан өлеңінің табиғи болмысын, әсемдік аясындағы бітімін танудан бұрын өлеңнің тіліне, сөз өріміне қарауымыз қажет. «Әрқандай шығарманың көркемдігі, шеберлігі тілімен таразыланады» деп тілдің орнын айырықша бағалаған.

Халықтың рухани өмірінің жемісі болған шығарма түпсіз терең идея, жалындаған сезім, шалқыған шабыт, ұшталған шеберліктен туады. «Қорықты ойды қағаз бетіне олақ түсірсен, көркем шығарма өз сәні де, құны да болмайтыны» (У. Г. Белинский) секілді ақынның ішкі түйсігін жанды да әсерлі етіп жеткізіп бере алу - алмауы тілінің шұрайлығы мен оны меңгеру қабілетіне барып саяды.

«Сөз өнерінің сұлулығынан халықтың жан сұлулығы көрінеді» (К. Д. Ушинский) деген өлшемге салсақ, «Тұрымтайдың», тілі тұп - тұнық халық тілі, өлеңнің он - бойынан түсінбей қалатын, халық тіліне жат сөздер кезікпейді. Халық тілінен мол сусындаған ақын өлеңін мазмұндық, формалық жақтап көркемдіктің биік белесіне көтере алған. Ақын жасампаздықта сөзсіз жаңа сөз тудыру деген шарт қойылмайды, Райхан поэзияларында ескі, ескірген сөздерді қайта жаңғыртып қолданған. Міне, бұл ақынның сөз қолданудағы ұтқырлықпен, икемділікпен ұштасқан ақынның әр бір сөзі, әрбір тілі өз орнын табумен бағалы. Өлең тармақтарында жез бұйда, қоналқа, сылдыр моншақ, боз атан, қызыл шұнақ, құрық, биялай, ұрын бару, мұрит, солдат, жоржек, аттың жалы, түйенің қомы, сыйға си сыраға бал, тасы алға ұшу, жыртқысын жырту, буынсыз жерден пышақ салу қатарлы халықтық тілдермен тұрақты сөз тіркестері кезігеді. Бұл сөздер қазіргі күнде тым сирек қолданылса да, біз оны баяғысынша түсініп қабылдай аламыз.

Райхан өлеңдерінде зорланып қиыстырылған ұйықастар, басы артық күшпен сыналап кіргізген сөздер, тиіттей де жасандылық болмайды, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» қарапайым тұрмыс картинасынан жан қылып тербейтін сұлу сезімді тамаша суреткерлікпен сызып, өлеңнің көркемдік құнын арттырған.

«Ақын - жазушының шығармасының халық жүрегінен терең орын алуы - тұрмыс шындығының шығармада шынайы бейнеленген - бейнеленбегеніне тікелей қатысты, сондықтан тұрмыс шындығы шығарманың жаны». Бұл шығарманың мазмұндық жақтағы құндылығына қаратылады. Жоғарыдағы талдағанымыз ақынның нақтылы өлеңдеріндегі көркемдік ерекшелік, бұл жерде Райхан өлеңдерінің мазмұны жұтаң деген ой тұмайды, өлеңдерінің мазмұндық ерекшелігін талдау ендігі кезектегі зерттеу еңбектерінің жұты болмақ.

### Әдебиеттер

- 1 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1983: 136.
- 2 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. - Бейжің. Орталық ұлттар университеті баспасы, 1988: 5476.
- 3 Қабдолов З. Таңдамалы шығармалары. - Бейжің. Орталық ұлттар университеті баспасы, 1988: 5336.
- 4 Болайұлы Б: Сөз саралау өнері. – Құлжа: Іле халық, 1988: 1436.

### Resume

In this article considered the poetry collection "Turymtay" of the great Kazakh poet in China Rayhan Ybynkzy.

## Özet

Bu makalede Çim kazakları edebiyatındaki Rayhan İbikzının “Turumtay” şiir koleksiyonu söz konusu olmuştur.

## Резюме

В статье рассматривается поэтический сборник «Турумтай» крупного казахского поэта в Китае Райхана Ыбынқызы.

ӘОЖ 821.512.122.09

**П. Адиева,**

ф.ғ.к.,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
Астана/Қазақстан

### Ұлттық сөз өнеріндегі тыңдаушы және орындаушы категориялары

**Андатпа:** Жыр бастамас бұрын халық пен жырау арасында диалог болады деген сөз. Халық қандай жырды тыңдағысы келетінін де кейде айтып қалады. Өз руының батырларын, жасаған ерліктері туралы да жыр тыңдағысы келсе, жыршы немесе, жырауға өтініш білдіреді. Бұның бәрі рухани салтанаттылықты туғызу барысындағы дәнекер орындаушының дайындығы. Тыңдаушысының айызын қандырып көңіл-күй салтанатын ояту үшін ол нағыз халықтың көңілінен шығатын жырларды таңдайды. Өздері айтатын жырлардың ерекше қасиетін жақсы білетін жыраулар ең алдымен тыңдаушысын сол жырларды жалықпай қызыға тыңдауға дайындап біраз қызықтырып, құнықтырып алады. Содан кейін барып жырау ұзақ желілі жырын бастап оны үзбей, бұзбай ұзақ таңға жырлауына болады.

Жыршы мен жыраудың арасындағы негізгі байланыстың тууына, әрине, жыр себепші болады. Жырдың ұрпақтан ұрпаққа ұмытылмай жетуі, осы “диалогты туғызушы тұлға” – орындаушы екендігін, оған осылай шартты ұғым беретінін нақты ғылыми тұжырымдармен дәлелденді. Мақалада осы үш эстетикалық категория (жыршы-тыңдарман-орындаушы) арасындағы шығармашылық байланысты біршама зерттей келіп, олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар екендіктері анықталады.

**Кілт сөздер:** сөз өнері, ұлттық әдебиет, әдебиеттану, әдебиет тарихы

Жыр – халық қазынасы. Ал, сол жырды жеткізуші жырау, жыршы. Жырдың құлаққа жетіп, тыңдарманның таңдайын қактыру — орындаушының қызметі. Олай болса, жыршы мен тыңдаушының арасында да жыр айту барысында үлкен байланыс болады. Ол қандай байланыс? Тыңдаушы тыңдап қана қоймайды. Орындаушы жырды бір сарынмен айтып қана қоймайды. Олай орындалатын болса, мүмкін бүгінгі жыр бізге жетпес еді. Демек, жырдың ұрпақтан ұрпаққа жетуі екі арақатынастың (диалогтың) нәтижесі деуге болады. Өз туындыларын қаумалаған көпшіліктің арасында бетпе-бет жүріп шығаратын айтушының, маңызды ой, ұтқыр дәлелді пікірлерін, жан дүниесінің, бүтін болмысының, рухани қажеттілігінің азығын, керегін орындаушымен қатар тұрып ләззатына қабылдайтын тыңдаушының бір-біріне ықпалы мол.

“Тыңдаушы категориясы автор категориясы сынды философиялық, эстетикалық, қоғамдық – саяси категория” [1, 8 б.].